

«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ Директорлар кеңесінің
2019 жылғы «06» тамыздағы
№ 3 хаттама шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Ішкі аудит қызметінің
аудит стандарттары

Ақтөбе қ., 2019 жыл



1. Жалпы ережелер

1. Осы аудит стандарттары (бұдан әрі – Стандарттар) халықаралық аудит стандарттары қағидаттарын есепке ала отырып, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) сәйкес әзірленді.

2. Стандарттар аудитті жүргізудің тиімділігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында Ішкі аудит қызметінің қызметіне қойылатын негіз болатын талаптарды қамтиды.

3. Стандарттарға мына стандарттар жатады:

- 1) «Тәуелсіздік»;
- 2) «Әдептілік»;
- 3) «Объективтілік»;
- 4) «Кәсіби құзыреттілік»;
- 5) «Кәсіби пайым»;
- 6) «Есептілік»;
- 7) «Анықтық»;
- 8) «Ашықтық»;
- 9) «Құпиялылық»;
- 10) «Басқару».

4. Стандарттар Ішкі аудит қызметінің, аудитті жүргізуге тартылған жеке және заңды тұлғалардың қолдануына міндетті.

5. Аудиттің объектілеріне «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Қоғам) құрылымдық бөлімшелері жатады.

2. «Тәуелсіздік» стандарты

6. «Тәуелсіздік» стандартының мақсаты Қызметтің, аудиторлардың бағалауы мен ұсынымдарының турашылдығын, объективтілігін, анықтығын қамтамасыз ету, өз қызметін жүзеге асыру кезінде өздерінің тәуелсіздігіне қол сұғатын кез келген араласуға жол бермеу болып табылады.

7. Қызмет, аудиторлар аудитті жүзеге асыруға байланысты барлық мәселелерде аудит объектілерінен тәуелсіз, сыртқы әсерден, өкімдер мен араласудан қорғалған.

8. Қызмет, аудиторлар аудит объектілерінен функционалдық, ұйымдық және қаржылық тұрғыдан тәуелсіз.

9. Қызмет, аудиторлар өздерінің тәуелсіздігі мен объективтілігін шектейтін кез келген іс-қимылға жол бермейді.

10. Қызмет тиісті жылға арналған бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес аудитті жүзеге асырады.

11. Қызметтің қызметіне аудиттің тақырыбын, объектісін таңдау, қолданылатын рәсімдер, аудиторлық дәлелдемелердің сипаты мен көлемі, аудиттің ауқымы, аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру, оны жүргізу, аудиттің нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттарды (бұдан әрі – құжаттар) жасау мен тарату әдістері, аудиттің қорытындыларын іске асыру тетіктері бойынша араласуға, сондай-ақ саяси, идеологиялық, діни және басқа

да себептер бойынша аудиторлардың тәуелсіздігі мен объективтілігіне әсерін тигізуі мүмкін кез келген әрекетке жол берілмейді.

12. Қызметтің, аудиторлардың пікірлері, анықтаған фактілері, тұжырымдары, қорытындылары мен ұсынымдары турашыл, объективті, анық, құзыретті, сенімді болуға және үшінші тұлғалар үшін де осындай болып табылуға тиіс.

13. Аудиторлар өз өкілеттіктері мен лауазымдық міндеттерін атқару кезінде аудит объектілерінен, өздерінің тәуелсіздігіне қол сұғылатын кез келген сыртқы әсерден тәуелсіздіктерін сақтайды.

14. Қызмет басқарылуын олардың өздері заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын, қажетті және жеткілікті еңбек, қаржы және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі.

15. Аудит объектілері Қызметтің аудитті жүргізуі үшін барлық құжаттар мен ақпаратқа, соның ішінде мемлекеттік және өзге де ақпараттық жүйелерге еркін, уақытылы және қажетті қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

16. Қызметтің мемлекеттік басқару органдарымен, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, ұйымдармен және олардың бірлестіктерімен, сондай-ақ басқа мемлекеттердің органдарымен және олардың халықаралық бірлестіктерімен ынтымақтастығына жол беріледі.

3. «Әдептілік» стандарты

17. «Әдептілік» стандартының мақсаты аудиторлардың әдеп талаптарын және кәсіби мінез-құлық қағидаттарын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

18. Әдеп нормалары жалпы қабылданған әдеп нормалары мен кәсіби мінез-құлық қағидаттарын қамтиды.

19. Аудиторлардың мінез-құлқында және аудитті жүргізу кезіндегі тәсілдерде әдеп талаптары мен кәсіби мінез-құлық қағидаттарын сақтамады деген күдік пен айыптауға әкеп соғуы мүмкін кез келген іс-қимылға жол берілмегені жөн.

20. Қызметтің, аудиторлардың тәуелсіздігі аудит объектісімен ізгі ниетті қатынастарда болуға кедергі келтірмейді.

21. Аудиторлар даулы жағдайлар туындаған кезде кәсіби әдеп нормаларына сәйкес әрекет етулері қажет.

22. Аудиторлар аудит объектісінің пікірінен, қоғамдық пікірдің әсерінен тәуелсіз болуға, өздерінің әрекетімен негізделген сынға себеп болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, сындарлы сынды кемшіліктерін жоюға және өздерінің кәсіби қызметін жақсартуға пайдалануға тиіс.

4. «Объективтілік» стандарты

23. «Объективтілік» стандартының мақсаты аудиторлардың аудитті әділ жүргізуін қамтамасыз етуі және оның сапасына қатысты ымыраға жол бермеуі болып табылады.

24. Аудиторлар аудитті жүргізген кезде объективті болуға тиіс. Аудиторлық есептер тек аудит объектісінде тікелей жиналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы сақтала отырып, аудит стандарттарына

сәйкес басқа да сенімді көздерден алынған деректер мен құжаттарға (материалдар мен ақпарат) негізделуге тиіс.

25. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, аудитті жүргізуге тыйым салынады.

5. «Кәсіби құзыреттілік» стандарты

26. «Кәсіби құзыреттілік» стандартының мақсаты аудитті тиімді жүзеге асыру үшін аудиторлардың тиісті кәсіби деңгейін қолдау болып табылады.

27. Аудиторлардың аудитті тиімді жүзеге асыру үшін білімі, кәсіби дағдысы, білімі мен тәжірибесі болуға тиіс.

28. Аудитті кәсіби білім деңгейі, дағдысы мен тәжірибесі жиынтығында аудиттің сипатына, ауқымына және күрделілігіне сәйкес келетін аудиторлар жүзеге асырады.

29. Аудиторлар аудит объектілерінің жұмыс жоспарын қалыптастырудан, аудит объектісін алдын ала зерделеуден бастап, аудиторлық есепте берілген ұсынымдардың мониторингіне дейінгі аудиттің барлық кезеңі бойынша тиісті біліктілігін көрсетеді.

30. Аудиторлардың кәсіби білімі мен дағдысы үздіксіз кәсіби оқу мен өз бетінше білім алу, сондай-ақ аудиторларды оқытуды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды мерзімдік ұйымдастыру жолымен жетілдіріліп отырады. Кәсіпорын кадрларды оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға қажетті жағдайлар жасайды.

6. «Кәсіби пайым» стандарты

31. «Кәсіби пайым» стандартының мақсаты аудиттің барлық кезеңдерінде сапаны қамтамасыз ету болып табылады.

32. Кәсіби пайым Қызметтің аудитті және өзге де қызметті жүзеге асыруы кезінде қолданылады.

33. Аудиторлар сипаты бойынша мәнді болуы мүмкін мәселелер жөнінде кәсіби пайым жасауға тиіс.

34. Аудиторлар аудиттің мақсаты, ауқымы, мәні мен өлшемшарттары сияқты сандық және сапалық факторларды қоса алғанда, алдағы жұмыстың маңыздылығының бас аспектілерін назарға алуға тиіс.

35. Кәсіби пайым негізінде аудиторлар аудитті аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігіне, қолайлылығы мен сенімділігіне деген қисынды сенімшілдігін қамтамасыз ете отырып, тәуекелді қолайлы деңгейге дейін азайтуға мүмкіндік беретін тәсілмен жүргізуге тиіс.

36. Кәсіби пайым тиісінше пайымдауға мүмкіндік беретін құзыреттілікпен өзара байланысты. Кәсіби пайым мен құзыреттілік жиынтығында аудитті жүргізуге тартылған барлық адамдардың білімі, дағдысы мен тәжірибесі жиынының пайдаланылуын білдіреді.

37. Кәсіби пайым Қызметтің тұжырымдары, қорытындылары мен ұсынымдары үшін негіз болуға тиіс жинақталатын аудиторлық дәлелдемелердің сипатын, түрін, жинақтау тәсілін айқындау мен сапасын қамтамасыз ету кезінде пайдаланылады.

7. «Есептілік» стандарты

38. «Есептілік» стандартының мақсаты барлық пайдаланушыларға Қызметтің қызметі туралы ақпаратты, құжаттама мен есептерді (бұдан әрі – ақпарат) ұсынуды қамтамасыз ету болып табылады.

39. Қызмет аудитті жүргізеді, аудит стандарттарының талаптарын қоса алғанда, ақпарат ұсыну арқылы есеп беру қағидатын сақтай отырып, жүктелген функциялар мен міндеттерге сәйкес өзге де қызметті жүзеге асырады.

40. Қызмет Қоғам Директорларының кеңесіне және Ішкі аудит жөніндегі комитетке есепті ұсынады.

41. Қызмет жүргізілген аудиттердің/бақылаудың қорытындылары туралы тоқсан сайынғы есептерді, сондай-ақ аудиттің/бақылаудың қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою мониторингі мен бақылаудың қорытындылары жөніндегі жартыжылдық және жылдық есептерді жасауды және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ішкі аудит департаментіне ұсынуды қамтамасыз етеді.

42. Қызмет ұйымдар мен адамдарды аудитті жүзеге асыруға тартқан кезде есеп беру қағидатының сақталуын қамтамасыз етеді.

8. «Анықтық» стандарты

43. «Анықтық» стандартының мақсаты Қызметтің құжаттарын пайдаланушылардың барлығын оларда қамтылатын анық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

44. Аудиторлар аудиторлық дәлелдемелерге негізделген анық ақпаратты пайдалануға тиіс.

45. Бұл ретте аудиторлар аудит объектілері ұсынатын ақпараттың анықтығын айқындауы қажет.

46. Қызмет аудиттің нәтижелері бойынша өздері қабылдайтын құжаттарға енгізілетін ақпараттың анықтығын қамтамасыз етеді.

9. «Ашықтық» стандарты

47. «Ашықтық» стандартының мақсаты мәртебесі, өкілеттіктері, стратегиясы, қызметі және оның тиімділігі туралы анық, нақты және релевантты ақпарат ұсыну жолымен құжаттарды пайдаланушылар тарапынан ашықтық пен өз қызметіне сенімді қамтамасыз ете отырып, аудитті ашық түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

48. Ашылатын ақпарат пен құжаттардың тізбесі және мазмұны, соның ішінде сыртқы сұрау салулар бойынша құжаттама ұсыну, аудит стандарттарының талаптарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады.

49. Қызмет өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз еткен кезде мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат пен мәліметтерге қолжетімділікті ұсыну бойынша алдағы рәсімдерді нақты айқындай отырып, құпиялылық бойынша талаптарды сақтауға тиіс.

50. Қызмет, аудиторлар аудиттің барлық кезеңдерінде орындалатын аудиторлық рәсімдердің және пайдаланылатын әдіснаманың ашықтығын және түсініктілігін қамтамасыз етеді.

51. Аудитті жүргізуге ұйымдар мен жеке тұлғаларды (мамандар мен сарапшыларды) тарту туралы ақпарат Қызметтің аудиторлық құжаттамасына және тиісті құжаттарына енгізілуге тиіс.

52. Қызмет, аудиторлар ашылатын ақпараттың анықтығын қамтамасыз етеді.

10. «Құпиялылық» стандарты

53. «Құпиялылық» стандартының мақсаты аудитті жүзеге асыру кезінде алынған мемлекеттік құпияларға, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтердің сақталуы мен жария етілмеуін қамтамасыз ету болып табылады.

54. Қызмет, аудиторлар заңнамада белгіленген жағдайларда аудитті жүзеге асырған кезде алынған ақпараттың сақталуын және оған қолжетімділіктің шектелуін қамтамасыз етеді.

55. Аудиторлар сұрататын ақпарат тек аудиттің мақсаты үшін ғана пайдаланылады.

56. Аудиторлар аудитті жүзеге асыру кезінде алынған ақпараттан тікелей немесе жанама жеке пайда алуға құқылы емес.

57. Аудиторлар аудиттің қандай да бір аспектілеріне қатысты ақпаратты жария етуге құқылы емес.

11. «Басқару» стандарты

58. «Басқару» стандартының мақсаты аудиттің мақсатына қол жеткізу үшін аудиттің жұмысқа қабілетті тобын қалыптастыру, оның жұмысын ұйымдастыру мен қадағалауды қамтамасыз ету болып табылады.

59. Аудиторлар аудиттің сапасын, үнемділігін, нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін өз қызметін тиісінше басқаруды жүзеге асырады.

60. Аудитке және оны жүргізуге жауапты лауазымды адамдардың арасындағы міндеттер нақты бөлінуге тиіс.

61. Аудиторларға өз білімі мен дағдысын аудит тобын басқаруға қажетті деңгейде ұстау мақсатында, өздерінің тұрақты түрде кәсіби дамуын қамтамасыз еткендері жөн.

62. Аудитті жүргізудің барлық кезеңдері басқарылуға жатады.

63. Аудиторлық топтың немесе жекелеген аудиторлардың қызметі аудиттің әр кезеңінде ішкі аудит қызметі басшысының жүйелі түрдегі бақылауымен және қадағалауымен жүзеге асырылады.

64. Қадағалау аудиттің, оның нәтижелері бойынша аудиторлық есептерді дайындаудың барлық кезеңдерінде, сондай-ақ аудит нәтижелерін іске асыру процесінде жүзеге асырылады.

65. Қадағалау дәрежесі аудиттің күрделілігіне, аудит тобының немесе жекелеген аудиторлардың біліктілігі мен кәсібилігі деңгейіне қарай айқындалады.

66. Қызмет басшысы қадағалау нысандары мен әдістерін дербес айқындайды.

67. Аудитті жүзеге асырудың мазмұны, әдістері, аудиттің мәселелерін қамтудың толықтығы міндетті түрде қадағалауға жатады.

68. Қадағалау нұсқама беруді, жиі туындайтын проблемалар туралы ақпарат беруді, орындалған жұмысты бақылауды, аудит тобында пікір қайшылығы болған жағдайларда, дауларды шешуді қамтиды.